

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY** Series

**№2 (123) / 2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

#### Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

#### **Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

#### **Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

#### **Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408  
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**  
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.  
Периодичность: 4 раза в год  
Тираж: 35 экземпляров  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

## Мазмұны

<i>Абасилов А.М.</i> Жаңа қазақ әліпбиі: әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, оларды шешу жолдары .....	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының діни мотивтері ..	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Қасқатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан .....	21
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Мифтік кеңістіктегі <i>адамзат</i> пен <i>пері-зат</i> байланысы және оның көркем әдебиетте бейнеленуі .....	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Л.З. Будаговтың «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігінің» қазақ лексикографиясындағы орны .....	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Кәсіби-бағытталған шетел тілін үйренудің тұлғалық-бағытталған тәсілі .....	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – сан қырлы дарын иесі .....	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Ұлы Дала көне есептері және оның Бөлтірік шешен шығармашылығындағы көрінісі .....	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова Ә.А.</i> Студенттердің тілдік компетенциясын қалыптастыруда аутенттік мәтіндерді қолдану .....	74
<i>Ерғалиева Райхан</i> Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлттық мәдени мұраның проблемалары .....	76
<i>Жұманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Студенттерде шетелдік құзыреттілікті қалыптастыру .....	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Заманауи лингвистикадағы бағалау теориясының дамуы .....	86
<i>Құзбакова Г.Ж.</i> Қазақ әдет-ғұрыптық ән ырғақтылығындағы сөз просодикасы .....	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Ағылшын тілін үйрену мен оқытудың маңыздылығы .....	105
<i>Лазухина Л.В., Әбдіғалиева Т.А.</i> У. Шекспирдің «Отелло» пьесасындағы одағайлардың қазақ тіліне аударылуына талдау .....	109
<i>Нұрдәулетова Б.И.</i> Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі .....	116
<i>Нұржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Интернет көмегімен ағылшын және қазақ тілінің сөздік қорын оқыту әдістемесі .....	123
<i>Нұржаубек А.</i> Қазіргі әлемдік және отандық лингвистикадағы фрейм туралы ізденістер .....	129
<i>Оспанова А.К., Турдығылова А.К., Бакенова А.М.</i> Шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті қабілеттіліктерін дамуы .....	139
<i>Тұрысбек Р.</i> Ұлттық тіл табиғаты: әліпби мәні мен эволюциясы ( <i>Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің тарихы мен даму үрдістері туралы</i> ) .....	146
<i>Рысбаева Г.Қ., Исаева Ж.Т., Тұңғышбаева Ғ.Ж.</i> Ғаламның тілдік «культ» концептісі .....	155
<i>Сәрсекенова Қ.Қ., Меліс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Филология мамандығы бойынша білім алушыларды компьютерлік технология бағытында оқыту .....	166
<i>Шаймерденова Н.Ғ.</i> Қазақстандағы татарлардың тарихы, тілі, мәдениеті .....	173
<i>Жазбадерек.</i> Гуманитарлық ғылымдарға саясимәдениет әлемінде заманауи зерттеу .....	185
<i>Рәсімдеу үлгісі</i> .....	188

## Contents

<i>Abasilov A.M.</i> New Kazakh Alphabet: Sociolinguistic Problems and Their Solutions .....	8
<i>Abduov M.I., Abduova N.M.</i> Religious Motifs in “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” Poem .....	15
<i>Abdrzakova A.A., Akhmetova B.B., Kaskatayeva Zh.A., Bakenova A.M.</i> From History of Development of Some Sacral Concepts with Numerical Component .....	21
<i>Aimukhambet Zh.A.</i> The interdependence of humanity with the fairy in the mythical space and its reflection in the artistic literature .....	30
<i>Amangazyieva M.K.</i> L.Z.Budagov’s «Comparative Dictionary of Turkish-Tatar Words» in Kazakh Lexicography .....	38
<i>Aubakirova G.T., Volodina E.O., Kalieva S.N.</i> Personally-Oriented Approach in Teaching Professionally-Oriented Foreign Language .....	44
<i>Baibek A.K.</i> Ykili Ybray – Versatile Master of Transformations .....	51
<i>Baybekov S.N., Shormakova S.M., Ayazbekova I.M.</i> Ancient Tasks of the Great Steppe and Their Place in Boltirik Sheshen’s Work .....	63
<i>Gauriyeva G.M., Zhumabekova A.A.</i> Use of Authentic Texts for Formation of Students’ Linguistic Competence .....	74
<i>Yergaliyeva Rakhan</i> The Problem of National Cultural Heritage in Modern Society .....	76
<i>Zhumanbekova N.Z., Kabdusheva A.B.</i> Formation of Foreign Competencies in Students .....	81
<i>Iskakova N.S., Islam A.</i> Development of Evolution Theory in Modern Linguistics .....	86
<i>Kuzbakova G.Zh.</i> Prosody of the Word in Kazakh Ritual Song Rhythmics .....	96
<i>Kydyrmoldina M.S., Nurzhanova Zh.D.</i> The Importance of Learning and Teaching English Language .....	105
<i>Lazukhina L.V., Abdygalieva T.A.</i> Analysis of the translations of U. Shakespeare’s «Othello» plays in the Kazakh language .....	109
<i>Nurdauletova B.I.</i> Communicative Peculiarities of the Bard Texts .....	116
<i>Nurzhanova Zh.D., Dadekhan Zh.B.</i> Teaching English and Kazakh vocabulary by means of the Internet .....	123
<i>Nurzhaubek A.</i> Frame Research in the Modern World and Domestic Linguistics .....	129
<i>Ospanova A.K., Turdygylova G.D., Bakenova A.M.</i> Development of Reflexive Abilities of Foreign Languages Teacher .....	139
<i>Turysbek R.</i> Kazakh Inscription is Spirituality (About the history and trends of the Kazakh language based on Latin graphics) .....	146
<i>Rysbayeva G.K., Issayeva Zh.T., Tungushbayeva G.Zh.</i> Concept of “Cult” in Linguistic Picture of the World .....	155
<i>Sarekenova K.K., Melis A.M., Toybekova S.R.</i> Training Graduates of Philology Specialty in the Field of Computer Technology .....	166
<i>Shaymerdinova N.G.</i> The History, Language and Culture of Tatars in Kazakhstan .....	173
<b>Chronicle.</b> Modern research on humanitarian sciences in the polycultural peace .....	185
<b>Template</b> .....	188

## Содержание

<i>Абасилов А.М.</i> Новый казахский алфавит: социолингвистические проблемы, пути их решений .....	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> Религиозный мотивы в лиро-эпическом произведений «Козы Корпеш – Баян сулу» .....	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Каскатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Из история развития некоторых сакральных понятий с компонентами числительных .....	21
<i>Аймухамбет Ж.А.</i> Взаимосвязь человечества с феи в мифическом пространстве и его отражение в художественной литературе .....	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Роль «Сравнительного словаря турецко-татарских наречий» Л.З. Будагова в казахской лексикографии .....	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Личностно-ориентированный подход в обучении профессионально-ориентированному иностранному языку .....	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – многоликий мастер перевоплощений .....	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Древние задачи Великой Степи и их место в творчестве Болтирик шешена .....	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова А.А.</i> Использование аутентичных текстов при формировании языковой компетенции студентов .....	70
<i>Ергалиева Р.А.</i> Проблемы национального культурного наследия в современном социуме .....	76
<i>Жуманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Формирование иноязычных компетенций у студентов .....	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Развитие теории оценки в современной лингвистике .....	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Просодика слова в казахской обрядовой песенной ритмике .....	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Важность обучения и преподавания английского языка .....	105
<i>Лазухина Л.В., Абдигалиева Т.А.</i> Анализ перевода на казахский язык междометий пьесы У. Шекспира «Отелло» .....	109
<i>Нурдаулетова Б.И.</i> Коммуникативные особенности текстов жырау .....	116
<i>Нуржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Приемы изучение английской и казахской лексики с помощью интернет .....	123
<i>Нуржаубек А.</i> Фреймовый подход в современной отечественной и мировой лингвистике .....	129
<i>Оспанова А.К., Турдыгылова А.К., Бакенова А.М.</i> Развитие рефлексивных умений учителей иностранных языков .....	139
<i>Турсыбек Р.</i> Природа национального языка: сущность и эволюция алфавита ( <i>Об истории и тенденциях казахского языка на основе латинской графики</i> ) .....	146
<i>Рысбаева Г.К., Исаева Ж.Т., Тунгышбаева Г.Ж.</i> Концепт «Культ» в языковой картине мира .....	155
<i>Саркенова К.К., Мелс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Обучение выпускников филологических специальностей в области компьютерных технологий .....	166
<i>Шаймерденова Н.Г.</i> История, язык, культура татар в Казахстане .....	173
<i>Хроника.</i> Современные исследования по гуманитарным наукам в поликультурном мире ...	185
<b>Образец оформления статьи</b> .....	188

## References

- 1 Hasanulu B. Ana tili – ata mura (Kazak tilining zher zhuzy tilderi zhuesindegi alatyn orny) [Native language – paternal heritage (Role of the Kazakh language in the world languages system)] (Zhazushy, Almaty, 1992, P. 272). [in Kazakh]
- 2 N.A. Nazarbayevtin Kazakstan halki assambleyasynyng XII sessyasynda soulegen sozy [Speech of N.A. Nazarbaev in at the XII session of the Assembly of People of Kazakhstan], // Egemen Kazakhstan, 24 oktober, 2006. [in Kazakh]
- 3 Nazarbayev N.A. Kazakstan – 2050 strategyasy [electronic resource]. - 2012, - URL: [http://www.akorda.kz/ru/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs) (period considered: 16 December), // Akorda, Astana, 14 December. [in Kazakh]

### Автор туралы мәлімет:

*Абасилов А.М.* – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Желтоқсан көш. 40, Қызылорда, Қазақстан.

*Abasilov A.M.* – candidate of philological sciences, associate professor of the Kazakh language, literature and journalism department, Korkyt Ata Kyzylorda State university, Zheltoksan street 40, Kyzylorda, Kazakhstan.

XFTAP 17.71.07

### М.И. Абдуов<sup>1</sup>, Н.М. Абдуова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,  
Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup>abduov\_m@mail.ru, <sup>2</sup> nazilya\_abduova@mail.ru)

### «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы діни мотивтер

**Аңдатпа.** Қазақ фольклорында ауыз әдебиетінің қандай туындысы болмасын белгілі бір деңгейде діни наным-сенімдермен байланысып жататындығы белгілі. Оның өзі сандаған ғасырлар бойына халықтың ұлттық дәстүрімен үндесіп, арнайы қолданысқа айналған ислам дінінің қағидаларына тікелей қатысты. Діни мотивтердің көркем туындылардағы көрінісі шығарманың тартымдылығын, әсерлілігін арттырып тұратындығы ақиқат.

Діни мотивтердің аясында иман келтіру, жаратушыға жалбарыну, жаратушыдан бала тілеу, ғайыптан хабар алу, ғажайып туу, құдіретті істер және тағы басқалары жатады. Бұлардың барлығы бір ғана шығарманың бойынан кездеседі деп кесіп айтуға болмайды. Дегенмен, жаратушыға жалбарыну, бала тілеу тәрізді тағы басқа мотивтердің жиі ұшырасатындығын жоққа шығара алмаймыз. Бір ғана жалбарыну мотивінің өзінде сан-салалы қолданыстың жатқандығын аңғарамыз. Кейбір шығармаларда қорқынышты құбылыстардан құтқару үшін жалбарынса, енді бірінде жеңіске жету үшін немесе көзделген мақсатқа жету үшін жалбарынулар болады. Бұл мақалада осындай мотивтерді басшылыққа ала отырып, олардың маңызы мен көркем әдебиетте алатын орнын айқындауға айрықша көңіл бөлінген.

**Түйін сөздер:** Ауыз әдебиеті, лиро-эпостық жыр, діни мотив, фольклор, эпикалық туындылар, адами қабілет.



**Кіріспе.** Фольклор – халық қазынасы. Ал, халық қазынасын бағалау, зерттеу, зерделеу болашаққа жеткізу, келешек ұрпақтың зердесіне құю, мәні мен маңызын ашып көрсету қай кезеңде болмасын өзінің өзектілігін жоғалтпайтын тақырып болып табылады. Елдің көне дәуірдегі тыныс-тіршілігін, тұрмыс-жағдайын белгілі бір деңгейде айқындауға осы фольклорлық мұралардың қосатын үлесі айрықша. Олардың мазмұнында ұлттың болмысы мен бітімі кескін-келбеті жататындығы ақиқат. Олай болса, осындай құндылықтарды түбегейлі зерттеу бүгінгі таңда да өзінің негізгі құнын жойған жоқ. Халық ауыз әдебиеті ешқашан сарқылмайтын бұлақтың көзі тәрізді. Сан-салалы сағаларға бөлініп, тарам-тарам болып адамның бойындағы қанның тамырындай жүйеленген мұралар дамушы елге өзінің нәрін беретіндігі белгілі.

**Тақырыптың маңыздылығы.** Түркі әлемінде кеңінен тараған көпшілікке таныс ғұмырлы да үлгілі туындылардың бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры. Лиро-эпостық жырлардың арасында айрықша танымал болған аталмыш туындының өзіне тән түрліше сипаттары бар. Жалпы, эпикалық мұра халықтың сарқылмас құндылығы болып табылады. Бұл жайында әлемдік деңгейдегі зерттеуші ғалымдар жан-жақты пікір айтқан болатын [1]. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры да осындай сапалы туындылардың салиқалы түрі болып табылады. Жырдың түпкі сюжетінің шығу тарихына қатысты академик С.А. Қасқабасов: «Қазіргі түркі халықтарындағы нұсқаларды жалпы мазмұны, кейіпкерлері, мифтік ситуациялар мен жер-су атаулары, тағы басқа компоненттері бойынша салыстыра қарасақ, «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» түпкі сюжеті шынында да сонау түркі қағанаты тұсында пайда болғанына көз жеткізуге болады» [2, 11]. Сонымен қатар, осы айтылған пікірдің ақиқаттығына көз жеткізу үшін бірнеше дәлелдемелерді келтіреді. Тақырыбымызға өзек болып отырған бұл жыр жалпы түркі халықтарына кеңінен таныс. Башқұрт халқында «Кузы Курпеш – Маян хылу», алтайлықтарда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» деген тәрізді шамалы дыбыстық өзгерістер мен түркітөктес халықтардың барлығына да кеңінен тараған. Әрине, эпикалық туынды болғандықтан шығарманың белгілі бір оқиға желісіне құрылатындығы ақиқат. Ал, оқиға желісі болғаннан кейін ол халықтың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, діни наным-сенімдерімен байланысатыны белгілі. Олай болса, жырдың қазақ халқындағы нұсқасында ұлттық наным-сенімдердің көрінісі анық аңғарылады.

**Көркемдік мотивтер.** Діни сенімдегі жалпыадамзаттық сипат алған ортақ құбылыс – жаратушының бар екендігіне сену. Осы негізден туындайтын бір көрініс өмірдегі болып жатқан құбылыстарды жаратушының тарапынан деп білу. Адам баласы мейлі дәулеті жағынан болсын, мейлі сәулеті жағынан болсын, мейлі адами қабілеті жағынан болсын бір деңгейде болмайды. Атап айтқанда: бай болса, кедей бар; келбеттісі болса, келбетсізі бар; қайырымдысы болса, қайырымсызы бар т.б. Жырдағы Қозы мен Баянның әкелері де қарама-қарсы типте жасалған осындай деңгейдегі кейіпкерлер. Егер Қарабай дүниесі шексіз жатқан ірі бай болса, Сарыбай да қара, тақыр кедей емес, бірақ, ұғым-түсінігі жағынан екеуі қарама-қарсы бейнелер. Байлыққа қатысты айтылатын жыр жолдарында жаратушыға сену мотиві ерекше көрініс тапқан. Мысалы:

Соларда бай болыпты дүние бок,  
Өзіне құдай берген нәубеті көп.  
Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да,  
Үйінде сілкіп киер шапаны жоқ. [3, 473]

немесе:

Сыбанда Жанак, Бекбау айтады екен,  
Оның тегін кім десең түрікпен деп.  
Құдайым артық дәулет, мал берген көп. [3, 473]

Келтірілген осы жыр жолдарына біздің байқайтынымыз дүние мүлікгі беруші – жаратушы. Егер, жаратушы қаламаса, олардың бай болуы мүмкін емес. Байлықтың,

мал-мүліктің пайда болуы құдайдың қалауымен орындалып тұрған құбылыс. Міне бұл ұлттық наным-сенімнің бір көрінісі деп айтуымызға болады. Аталмыш мотив жырдың бойында бірнеше жерде көрініс береді. Бұл мұндай мотивтің халықтың санасына тереңнен орнығып, ел ішіне кеңінен тарағандығының нәтижесі деп айтуға болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін төмендегі шумаққа да назар аударған жөн тәрізді:

Оған да артық дәулет тәңірім берді,  
Қазақтан Сарыбай да артық еді.  
Ерте тұрып пандатын үйінде оқып,  
Сарыбай да сахарадан аңға келді [3, 476].

Мұндағы *пандатын* деп отырғаны - таң намазы. Ислам әлемінде бес парыздың бірі болып табылатын намаз, тәулігіне бес рет оқылады. Солардың ішіндегі пандат, яғни таң намазы сол бес намаздың алғашқысы.

Жырдың көркемдігіне, сюжеттің сұлулығына айрықша әсер беретін діни мотивтің бірі – **жаратушыға жалбарыну мотиві**. Мұндай сарын ақиқатына келгенде әбден амал таусылып, қолынан келері жоқ жағдайға жеткен шақта туындайтын құбылыс. Соның бірі – *перзентсіздіктің көрінісі*. Жырдағы аң аулап жүріп жолыққан Қарабай мен Сарыбайдың басындағы ортақ сипат – екеуінде де ұрпақтың болмауы. Осыған орай, екеуі де жаратушыға жалбарынушы. Жырда екеуі де жаратушыдан бала тілей отырып, біріне-бірі басу айтады:

Е, балам, бала сүймей болыпсың зар,  
Бала сүйсең жалғанда көңілім тынар.  
Жасым бар сексен үште мені айт балам,

Әлі де болса алдында тілеуің бар [3, 476]. -деген шумақ жалбарынудың соңғы түйіні. Әлі де болса жаратушыдан ұрпақ берер деп күдерін үзбеген екі кейіпкердің біріне-бірі айтқан көңіл жұбатуын аңғарамыз. Дәл осындай құдайға жалбарыну мотиві Баянды іздеп сапарға шығап бара жатқан Қозының аузынан да естіледі. Ол жаратушыға жалбарына отырып, соңында қалып бара жатқан елін, жұртын, анасын құдайға тапсырады:

Қозының атқа мініп, жүрер шағы,  
Не десең де қиын-ды тоқтамағы.  
Тоқтасың деп айтасың соның бәрін,  
Бір құдайға тапсырдам сізді-дағы [3, 524].

Әрине, жол ұзақ және қауіпті Баянды іздеп табу оңай емес. Міне, осындай азапты жолда Қозы өзінің махаббаты үшін көптеген қиыншылықтарға төзе білгендігін байқаймыз. Десек те, сол ауырпалықтардың барлығы оған жеңіл тимейді. Әбден қалжырап, қажыған шағында тағы да құдайға жалбарыну мотиві көрініс береді:

Қой келді, Қозы келді, тоқты келді,  
Жапанға елден аулақ шыға келді.  
Ел жоқ, күн жоқ жапанға келгеннен соң,  
Қозекең мұңшылықпен жылайды енді [3, 537], - дей келіп,  
Мұндайлыққа салды ием,  
Мен сықылды жалғызды [3, 538],

немесе:

Құдай кесел қылмаса,

Тоқсан бір құлға болмаспын [3, 539]. Осы келтірілген мысалдардың қай-қайсысында болмасын негізгі өзектің жаратушыға жалбарыну екендігін аңғаруға болады.

**Түс көру мен аян беру мотивтері.** Фольклорлық туындыларда жиі қолданатын танылмай келген сарындардың бірі – түс көру мотиві. Бұл әсіресе эпикалық жырларда жиі көрініс береді. Түс көрудің негізгі өзегі «*ғайыптан келген хабарлама*» деп қабалданғандықтан «*құдайдың қалауымен болатын құбылыс*» деп саналған. Сондықтан, бұл көріністі де діни мотивтердің санатына жатқызуға болады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында түс көру мотиві Баянды іздеп кеткен Қозы далада жалғыз қалып, ел таба алмай қалған шағында анасының түсіне енуімен байланыстырылған. Мысалы:

Қозыға жас та болса тілек берген,  
Қасында жолдасы жоқ бұған ерген.  
«Қозекен түзде жүдеп жатыр ғой» деп,

Үйінде шешесінің түсіне енген [3, 528]. Осы түс көру мотиві дінде жиі кезігетін келесі бір мотивті жырға әкелген. Ол – **садақа беру** мотиві. Біздің ойымызша бұл мотив өте көне дәуірде қалыптасқан. Сыртта жүрген жолаушы қиналыс жағдайларға тап болғанда елде қалған оның жанашыр жақындары адамдарға қайырымдылық жасаса, жолаушының жағдайы түзеледі деп түсінген. Бұл наным-сенім жалпы адамзаттың өміріндегі іс-тәжірибеден алынған болса керек. Жырдағы бұл мотивтің көрінісі былайша суреттеледі. Алдымен:

Тайлақтай адам болмас асыл текті,  
Не қылса да қылғаны сондай епті.  
Мал айтыңдар жолына Қозының деп,  
Халқына батыр Тайлақ жарлық етті [3, 529].

Мал сойылап болғаннан кейін, садақаның тәртібіне сай оны өздері пайдаланбай тұрмыс-тіршілігі төмен адамдарға таратып береді:

Айтқан малдың бәрін де сойып алып,  
Жоқ-жітік, аш-арыққа үлестірді [3, 529].

Діни мотивтер «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында кеңінен көрініс тапқан. Туындының тақырыбы негізінен екі жастың арасындағы махаббатқа арналғанымен халықтың дінге байланысты наным-сенімі, сол наным-сенімдерді жүзеге асыру әрекеттері, сонымен қатар, наным-сенімдердің ішкі мазмұны мен жай-жапсары жан-жақты бейнелі түрде суреттеліп отырған. Аталған мотивтер жырдың мазмұны мен қатар көркемдік келбетін де әрлендіре түскен.

**Халықтық дәстүр мен діни таным сабақтастығы.** Дәстүр – халықтық қолдануынан пайда болған белгілі бір рәсімдерге орай тұрақты қолданысқа түскен іс-әрекеттердің жиынтығы. Оның бір ұшы жаратылыстың заңдылығымен де байланысып жатады. Бұл байланыс дінмен де өмір заңдылығымен де үндестікте тұрады. Соның бірі, ел ішіне кең тараған «Өлген қайтып келмейді, өшкен қайта жанбайды» деген мақалдың бойынан да аңғарылып тұр. Бұл ойдың жалғасы «Өзекті жанға бір өлім» деген мақалда жатыр.

Қазақи ұғымда, дүние – жалған. Яғни, өткеннің бәрі елес. Ислам дінінде де бұл дүниенің өткінші екендігі жиі айтылады. Ұлттық таным мен исламдық тағылымның үндестігі осы мәселені санаға сіңіріп, дәстүрге айналдырған. Мұның бір көрінісі біз айтып отырған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан да байқалады. Сарыбайдың бәйбішесі көпшілік жиналған жерде елге естірте отырып, өзіне өзі былай деп басу айтады:

Жұртым-ай, бұл жылаған ниетінді қой,  
Өлім шықса тіріге болмай ма той?  
Жылағанмен бір нәрсе табар болсаң,  
Жылап-жылап тірілтіп әкеле ғой [3, 490].

Осы өлең жолдарында бұл шалақ дүниеде адамның бір-ақ рет қана өмір сүретіндігін дәстүрлі негізде аңғартып тұр. Осы дәстүрдің жалғасы ел ішіне кеңінен тараған келесі бір салтқа ұласқан – ол, бейіт басына барып, зиярат етіп тұру. Негізінде, зиярат етуді табынумен шатастыруға болмайды. Қасиетті деп саналған адамдардың қабірінің басына барғанда еске түсіру, аят оқу жөн деп саналады. Бірақ, қабірді айналу, онан тілек тілеу ислам дініне жат қылық. Қазақи дәстүрде де осы қабылдау сақталған. Тіпті қабірді ғана емес, үйді, адамды айналуға да тыйым салынған. Жас балалар айналып, жүгіре бастаған кезде: «Үйді айналма, жаман болады» немесе «Адамды айналма, жаман болады» деген тыйым сөздермен тоқтам жасап отырған. Бұлардың барлығы дін мен дәстүрдің арасындағы үндестікті аңғартады. Шығармада оқиға шиелінісінің басталуына себеп болған Қарабай мен Сарыбайдың қол алысып, серттесіп ақиреттік құда болуы. Бұл құдалықтың басқа құдалықтан өзіне тән айырмашылығы бар. Яғни, басым көпшілігінде құда болу осы уақытша дүниеде көрініс беріп жатады. Ал, жырдағы құдалық – **ақиреттік**. Оны біз мынадай өлең жолдарынан аңғарамыз:

Қареке-ау, ақылменен арбайсыз ба?  
Жаратқан бір тәңіріні алдайсыз ба?  
Не айтып ақиреттік құда болдың?  
Тегінде қияметке бармайсыз ба?  
Құдамен тәңір алдында беттестірсе,

Сол жерде қаражүзді болмайсыз ба? [3, 493]. Яғни, ақиреттік құда болғаннан кейін, қол алысып сертгескеннен кейін оны бұзу үлкен күнә. Жырдағы көрсетілім бойынша, Алланың алдына барғанда ондай адамдар қаражүзді болып шығады. Халық мақалында «Уәде – құдай аты» деген нақыл сөз бар. Мұның өзі де діни сенімнің негізінде өмірге келген. Олай болса, «Уәдесін бұзған опық жейді». Жыр үндестікте үйлесім тапқан осы дәстүрді дінінжі жоғалтпа, ұлттық болмысыңды өшірме деген үндеумен көпшілікке ұсынып отыр. Мұсылман адам сертін бұзбайды. Жыр бұған да көңіл бөлген:

Байғұс-ау, қандай адам серттен тайғыр,  
Біліп пе едің тайғанды құдай аяр.  
Тоқсан мыңды бұл жерден тентіретіп,  
Қайда барсаң осындай орын даяр [3, 495].

Әрине, ескерту, сескендіру бар. Себебі, талай замандардың бойында өмір тәжірибесі мен сыналған әрекеттердің өзгертуге болмайтын заңдылықтарын сол қалпында қолданылуын талап етіп тұрғандай. Ал, оны бұзар болса оның өзіне де таза адам баласы кінәлі емес, азғырушы шайтан кінәлі. Бірақ, шайтанның азғыруына енген адамның да күнәкәр болатындығы жырда ишарамен аңғартылады:

Қайтейін мінезінді шайтан бұзған,  
Кісі едің сайтан бұзған, құдай ұрған.  
Бұл басыңды кеудемнен кессең-дағы,  
Бір отырған орнымнан орнымнан өлсем тұрман [3, 495].

Діни нанымның негізінде қалыптасқан осы әрекеттің жүзеге асырылмауы дозаққа апаратын жолдың бірі дегенді сездіреді. Әрине, мұндай діни қолданыстардың адамды ізгілікке тәрбиелеудегі маңызы зор. Уәдені орындаудың аясында ел арасының бірлігі, ағайын арасының туысқандығы, бейбітшілік көрініс беріп жатады. Әрбірден соң жырдың трагедиямен аяқталуына себепкер болып тұрған осы сертті бұзу оқиғасы. Яғни, жыр өзінің оқиғасы арқылы исламдық қағиданың дәстүрге айналған бір парасының мүлтіксіз орындалуына насихат жасап тұрғандай. Мейлі дінде болсын, мейлі адамзат өміріндегі қолданыста болсын көкейде жүрген мәселе – тағдыр. Бұған қатысты пікірлер де сан алуан. Кейбір діни шығармаларда адам өмірінің әрбір деталына дейін тағдыр ретінде қабылданса, енді бірінде өмірдегі айтарлықтай ірі әрекеттер ғана тағдыр есебіне жатқызылады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында тағдырға қатысты мәселе осы соңғы пайымдауды көрсетуге әрекет жасаған. Яғни, ұйықтау, ұйқыдан ояну, ас ішу, қарапайым әңгімелесу бір сөзбен айтқанда күнделікті күйбең тіршіліктер тағдырдағы жазу емес, адамның ниетіне байланысты құбылыстар деп қабылданды да, шаңырақ көтеру, мақсатты сапарларға шығу, ауру-сырқаулы болу, қайтыс болу тәрізді үлкен құбылыстар адам пешенесіне жазылған тағдыр деп қабылданған.

**Түйіндей келгенде айтарымыз,** өзге де жырлар тәрізді «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында да дәстүрге айналған діни наным-сенімдерді суреттеу, насихаттау өзегін ашып, тәртібін көрсету айтарлықтай деңгейде көрініс тапқан.

### Әдебиеттер тізімі

1 Жақан Д. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы салт-дәстүр көрінісі // «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосы және түркі әлемі: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 1500 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары.

/ Д. Жақан. – Алматы: Интерприт, 2003. – 328 б.

2 Қасқабасов С. Алтын жылға. / С. Қасқабасов – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 576 б.

3 Қазақ эпосы. [жинақ] - Алматы: ҚМКӘБ, 1953. – 725 б.

**М.И. Абдуов, Н.М. Абдуова**

*Карагандинский государственный университет имени Е.А. Бөкетов, Караганда, Казахстан*

### **Религиозный мотивы в лиро-эпическом произведений «Козы Корпеш – Баян сулу»**

**Аннотация.** Известно, что в казахском фольклоре в каком бы ни было произведении устной литературы на определенном уровне отмечается взаимосвязь с религиозными представлениями. Они непосредственно связаны с положениями религии ислам, которые на протяжении веков, взаимодействуя с национальными традициями народа, вошли в специальное употребление. Совершенно очевидно, что религиозные мотивы способствуют повышению образности художественных произведений, его привлекательности, воздействию на читателя.

Под сенью религиозных мотивов рождаются и к ним относятся: приведение к вере, поклонение создателю, прошение у создателя ребенка, получение вестей свыше, рождение чуда, необычные дела и другое. Нельзя однозначно утверждать, что все это встречается в содержании только одного произведения. Тем не менее нельзя сводить на нет то, что такие мотивы, как поклонение и просьба к создателю, прошение ребенка и другие, встречаются часто. Обращаем внимание на то, что даже в одном мотиве прошения встречается несколько разнообразных способов использования. Если в некоторых произведениях мольба за освобождение от опасных явлений, то в других – мольба о помощи для достижения намеченной цели. В этой статье, принимая в качестве руководства такие мотивы, особое внимание уделено определению их значения и занимаемого места.

**Ключевые слова:** Устная литература, лирическая эпическая поэзия, религиозные мотивы, фольклор, эпические произведения, человеческие способности.

**M.I. Abduov, N.M. Abduova**

*Ye.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan*

### **Religious Motifs in “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” Poem**

**Abstract.** It is known that in Kazakh folklore no matter what kind of oral literature it is, it is associated with a certain degree of religious beliefs. They have been directly involved in the Islamic principles of religion, which has been in use for centuries, in line with the national traditions of the people. It is true that religious motives can be seen in artistic compositions that enhance the appeal and effectiveness of the work.

